

1-тапсырма.

«ӘРҚАШАН» циклімен орындалатын әрекетке мысал ойлап жаз.
(Мысалы: Жел тоқтамай айналып тұрады.)

2-тапсырма.

«ҚАЙТАЛАУ» блогы 10 рет орындалса, робот әр орындау сайын 1 қадам жасайды.

Робот қанша қадам жасайды?

Жауабыңды жаз.

3-тапсырма.

«ДЕЙІН ҚАЙТАЛАУ» блогына мысал келтір.

(Мысалы: Алма ағаштан түскенше күту.)

4-тапсырма.

Төмендегі әрекеттерді цикл түрлеріне бөле жаз:

1. Қыз суды қранын жапқанша күтеді.
2. Алма ағаштан түскенше бақылау.
3. Робот 5 рет алға жүреді.
4. Жаңбыр жауғанша үнемі теледидар көру.

Цикл түрлерін жаз: Әрқашан / Қайталау / Дейін қайталау

5-тапсырма.

Scratch үшін команда құрастыр:

«Робот 3 қадам алға жылжиды және шетке жетсе, кері бұрылады.» →

Дәптерге қысқа блок тәрізді жаз.

6-тапсырма(шығармашылық).

Өз ойыңнан шағын алгоритм құрастыр:

«Баланың доппен ойнауы»

Міндетті түрде бір цикл түрін қолдан.
Алгоритмді 3–4 командамен жаз.
